



# Magjan juldzy

6+

Магжан Жұмбабаев ауданының газеті

2008 жылдың 11 шілдесінен шығады

№ 3 (854) 23 қаңтар 2025 жыл

www.facebook.com/Magzhan zhuldizi https://vk.com/Magzhan zhuldizi e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

## ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІК ТІК ҚЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫ

### АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР МЕН АЛДАҒЫ ЖОСПАРЛАР АЙҚЫНДАЛДЫ

Петропавлда аймақ басшысы Ғауез Нұрмұхамбетовтың төрағалығымен облыстық әкімдіктің кеңейтілген отырысы өтті. Аққайыңдар өлкесінің дамуына тікелей үлес қосатын жандардың басы қосылған алқалы жиында былтыр атқарған жұмыс қорытындыланып, ағымдағы жылға арналған басты бағыттар айқындалды.



Негізгі баяндамашылар – облыс әкімінің орынбасарлары. Алдымен мінберге Қанат Дүзелбаев шықты.

«Өнімізде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы табысты орындалып, жыл сәтті аяқталды. Былтыр облыстың қысқа мерзімді экономикалық даму индикаторы 120% құрады. Мұндай көрсеткіш соңғы 10 жылда алғаш рет тіркелді. Аққайыңдар өлкесі республикалық тізімнің басына шықты. Бұл – қиынға соққан жылдағы үйлесімді жұмыстың айқын белгісі, - деді облыс әкімінің орынбасары.

Үйлесімді жұмыс алдағы уақытта да жалғасын табуы тиіс. Басты мақсат – тізімнің басынан төменге сырғымасу және халыққа лайықты жағдай жасау. Бұл тұрғыда Қанат Дүзелбаев негізгі бағыттарды жіпке тізді. Биыл осыларға ерекше назар аударылуы тиіс.

«Биыл тіркелген жоғары көрсеткіштерді төмендетпеуге көңіл бөлінеді. Салық түсімдерін ұлғайтуға, инвестицияларды тарту жөніндегі жұмысты күшейтуге, жаңа жұмыс орындарын құруға, жұмыссыздықты және атаулы әлеуметтік көмек алушылардың үлесін азайтуға мән беру керек. Нормативтік жағдайда жолдардың үлесін 95% дейін жеткізуіміз қажет, - деді облыс әкімінің орынбасары Қанат Дүзелбаев.

Мемлекет басшысы ауыл тұрғындарының ауыз суға қолжетімділігін 100% жеткізуді тапсырды. Маңызды тапсырма Қазақстанда биыл орындалуы тиіс. Баяндамасында Қанат Дүзелбаев осыны да тілге тиек етті. Сонымен қатар, аймақта электрмен және жылумен жабдықтау желілерінің тозуын азайту қажет. Ауыл шаруашылығы саласында да атқарар жұмыс бар. Былтыр біздің шаруалар мен диқандар 936,8 млрд теңгенің өнімін өндірді. Бұл – күллі республикадағы екінші көрсеткіш.

«Алдын ала деректер бойынша 2025 жылы егіс алқабы 4,4 млн гектарды құрайды. Оның ішінде дәнді дақылдарға 3,3 млн га бөліне, майлы дақылдар 760 мың га өсіріледі. Президент диқандарды отандық өндірістің тұқыммен 80% дейін қамтамасыз етуді тапсырды. Осыған орай «Солтүстік Қазақстан ауыл шаруашылық тежірібе станциясы» серіктестігінде селекциялық жұмысқа қарқын қосылды. Қазіргі уақытта орталық іскер жандарға түрлі дақылдардың 10 мың тонна тұқымын ұсынуға дайын, - деді облыс әкімінің орынбасары Марат Тасмағанбетов.

Тегеурінді техника болмаса, жұмыс істеу қиынға соғады. Теріскейлік шаруалар былтыр көлік паркін 6,1% жаңартқан. Ал биыл көрсеткішті 7% жеткізу кезделіп отыр. Өңірде тауарлық-сүт фермаларының құрылысы жалғасуда. Сәтін салса, бірнеше кәсіпорының таспасы да қиылмақ. Саладағы қуанышты жаңалықтың бірі – «Зенченко и К» КС 8 мың ірі қараға шақталған кешенін құрылысын бастауы. Бұл Орталық Азиядағы ең ірі заманауи ферма болмақ.

«Импорты алмастыру және құс етін өндіру көлемін ұлғайту шеңберінде «Петропавл бройлері» серіктестігі қуаттылығы 10 мың тонна болатын құс фабрикасын тұрғызады. Онда 150 жұмыс орыс құрылмақ.

«Зенченко и К» КС сүт зауытын кеңейтуде. Кәсіпорынның жылдық қуаттылығы 36,5 мыңнан 55 мың тоннаға дейін ұлғаяды. Бұдан басқа, «Eurasian Milk» серіктестігі қоюлатылған сүт өндіретін цех тұрғызабақшы. Ол жерде 12 мың тонна өнім өндіру кезделіп отыр, - деді Марат Тасмағанбетов.

Өңірде іске асатын бұдан бөлек те инвестициялық жобалар бар. Солардың негізгілеріне аймақ басшысының орынбасары Рүстем Құрманов тоқталды. Биыл облыста жалпы құны 96 млрд теңгені құрайтын 13 бастама мәресіне жетеді. Нәтижесінде 1300 адам жұмыспен қамтылады. Олардың арасында ауыл тұрғындары да болады.

«F.Мүсірепов ауданында «Қазақстан Бидайы» компаниясы жарма мен үлпек шығаратын зауытты іске қосады. 3,5 млрд теңге қаржы бағытталды. Өңірде саңырауқұлақ фермасы мен компост зауыты сынды жаңа жобалар да қолға алынады. Онда 1200 тоннаға дейін өнім өсіру және өңдеу жоспарлануда. Тұтастай алғанда, 2025 жылдың соңына дейін өнеркәсіп өндірісінде күтілетін көлем шамамен 750 млрд теңгені құрайды, оның ішіндегі 630 млрд астам қаржы өндеуші өнеркәсіпке тиесілі болмақ, - деді облыс әкімінің орынбасары.

Инфрақұрылымдық нысандар бойынша

айтсақ, Петропавлда автожол өткелі тапсырылады, қайта жаңғыртылған бірінші көтергіш сорғы станциясы іске қосылып, сүмен қамту бағытында маңызды жоба аяқталады. Күзде 2-ші ЖЭО-да жаңа мұржа іске қосылады. Әлеуметтік салаға ойысайық. Бұл бағытта да тындырар жұмыс жеткілікті.

«Талдауға сәйкес өңірде 2 мыңнан астам жұмысшы маман керек. Ең үлкен қажеттілік тракторшыларға, электрліктерге, дәнекерлеушілерге, сантехниктерге қатысты туындап отыр. Бұл мәселені шешу үшін білім ұяларына қабылданатын жастардың үлесін 39%-дан 45%-ға дейін арттырамыз, - деді Жүсіп Құрманов.

Облыс әкімінің орынбасары қазақ тілінің дамуына қатысты да пікір білдірді. Бүгінде облысымыздағы 444 мектептің тек 27% ана тілімізде сабақ береді. Былтыр орыс тілді 7 білім ұясында қазақ сыныптары ашылған. Биыл бұл көрсеткішті 30% дейін көтеру кезделіп отыр. Жүсіп Жұмағұлов аудан әкімдерін бұл мәселемен тікелей араласуға шақырды.

Бұдан соң кезек Петропавл қаласының әкімі Серік Мұхамедиевке келді.

«Құрылыс жұмыстарының көлемі 83,8 млрд теңгені құрады. Өсім – 121,6%. Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі – 263,3 млрд теңге, өсім 132,7% құрады, деді

ол. Серік Мақсұтұлы алдымен өткен жылға тиесілі негізгі көрсеткіштерге тоқталды. Артынша жоспарды баяндады. Биыл шардың су басқан жерлері қайта қалыпқа келтіріледі және кеғалдандырылады. «Ойқалада» триатлон паркi мен саябақ тұрғызылады. Іске аудандар көмектеседі. «Бөрекеде» жайлы мектеп ашылады, «Жас Өркенде» балабақшаның құрылысы басталады, «Қарасай» стадионын жаңғыртудың екінші кезеңі аяқталады.

«Үй құрылысының негізгі үлесі жеке инвестициялар есебінен жүргізіледі. Өткен жылы қала әкімдігі қазіргі заманғы тұрғын үй кешендерінің құрылысы бойынша 7 инвестормен меморандумдар жасасты. Осының нәтижесінде шаһарда сәулеттік баспаналар пайда болады. Жол жөндеуге келсек, 2025 жылы 45 кеше орташа жөндеу көреді. Оның 42-сі алғаш рет асфальтталады, - деді Серік Мұхамедиев.

Облыстық әкімдіктің кеңейтілген отырысында Есіл ауданының әкімі Мереке Мұхамедияров пен «Радуга» серіктестігі бас директорының бірінші орынбасары Дәурен Катранов та баяндама жасады. Жиынды аймақ басшысы қорытындылады. Ғауез Нұрмұхамбетовтың сөзінен, одан әрі алға басуға мүмкіндік бар. Бүгінде өңіріміз шетелдермен де байланысты нығайтуда.

«Ресейдің көршілес облыстарымен серіктестік нығайтылуда. Қазақстан мен Ресейдің онының өңіраралық ынтымақтастық форумы аясында Омбы облысымен меморандумға қол қойылды. Сондай-ақ, аграрлық салаға инвесторларды тарту мақсатында Қытайдың Шаньси провинциясымен ынтымақтастықты нығайту жөніндегі іс-шаралар жоспарына қол қою маңызды оқиғаға айналды, - деді облыс әкімі.

Алқалы жиын соңында Ғауез Нұрмұхамбетов орынбасарлары мен басқарма басшыларына, аудан әкімдері мен Петропавл қаласының әкіміне бірсыпыра тапсырма жүктетті. Ол 15 пункттен тұрды. Оның ішінде жастарды, көпбалалы отбасыларды қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты күшейту, шетелдік инвесторларды тарту және кадрларды даярлау үшін білім беру бағдарламаларын енгізу сынды міндеттер бар.

«Бүгінгі әкімдік отырысында, биылғы жылға арналған негізгі міндеттер мен мақсаттар талқыланып, жұмыстардың нақты бағыттары айқындалды. Жаңа бастамалар мен жобаларды жүзеге асыру үшін жоғары жауапкершілік қажет. Алға қойылған тапсырмаларды сапалы әрі уақытылы орындау аса маңызды. Біз үшін басты мақсат – тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту және облыстың дамуына нақты үлес қосу, - деді сөз соңында Ғауез Нұрмұхамбетов.

## АППАРАТТЫҚ КЕҢЕС

### Ауданның даму қорытындылары талқыланып, болашаққа жұмыс жоспары пысықталды

Азамат Жаңбырбайұлының айтуынша, жоспарланған 3 396,0 млн. теңге жергілікті бюджеттің атқарылуы – 3 430,7 млн. теңгені немесе 101,0% құрады, оның ішінде: Облыстық бюджет қоры бойынша 1 523,2 млн. теңге, түсім - 1 524,4 млн. теңге немесе 100,1% құрады. Жоспарланған 1 872,8 млн. теңге аудандық бюджетке түсім - 1 906,3 млн. теңгені немесе 101,8% құрады. Жоспарланған 1 609,7 млн. теңге аудандық бюджеттің атқарылуы (ЖӨБ-сіз) 1 609,7 млн. теңгені немесе 100% құрады. 2024 жылғы жоспарланған 7 471 339,1 мың теңге игеру - 7 471 255,4 мың теңгені немесе 100% құрады.

Магжан Жұмбабаев ауданы бойынша 2025 жылға арналған жобалар бойынша мемлекеттік сатып алудың жалпы көлемі 4 174,6 млн теңгені құрайды, 2025 жылға бөлінген сома – 2 085,5 млн теңге.

Бүгінгі таңда жалпы сомасы 1 118,4 млн. теңгеге жобалар бойынша 11 сатып алу

22 қаңтар күні аудан әкімі Рахат Сызғауловтың төрағалығымен аппараттық кеңес өтіп, оған аудан әкімінің орынбасарлары, құқыққорғау орындарының басшылары, Бұлаев қаласы мен ауылдық округтердің әкімдері, мемлекеттік және аумақтық мекемелердің басшылары қатысты. Күн тәртібінде 2024 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары, 2024 жылғы жергілікті бюджеттің кіріс және шығыс бөлісінің орындалу барысы және 2025 жылға арналған мемлекеттік сатып алу жоспарлары талқыланып, экономика және қаржы бөлімінің басшысы Азамат Қыраубаев баяндама жасады.

сатып алуларды уақытылы өткізуді тапсырып, аудан әкімі аппаратына барлық тапсырмалар хаттамаға сәйкес орындалуын ұйымдастыруды жүктетті. Мемлекет басшысы бізге экономиканың жыл сайынғы өсу деңгеміне 6% есун қамтамасыз ету бойынша міндеттер қойды, бұл елдің өнеркәсіптік әлеуетін ашуы, өндеуші секторды жедел дамытуды, сондай-ақ инвестициялық ахуалды жақсартуды жүктетті. Кеше Ғауез Торсанұлы Нұрмұхамбетовтің қатысуымен Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің «2024 жылғы әлеуметтік-экономикалық

даму қорытындылары және 2025 жылға арналған жоспарлар туралы» кеңейтілген отырыс өтті.

Облыс басшысы аймақ экономикасының негізгі саласы болып қала беретін аграрлық секторға баса назар аударды. Мемлекеттің қолдауы, аграрийлердің күш-жігері мен заманауи технологияларды енгізудің арқасында Солтүстік Қазақстан облысы елдің жетекші ауыл шаруашылығы өңірлерінің бірі мәртебесін сақтап қалды. Ағымдағы жылы біздің алдымызда инвестициялар тарту және өнеркәсіптік өнім шығару индикаторларының өсуін қамтамасыз ету міндеттері тұр. Сондай-ақ, «Қызылжар» арнайы экономикалық аймағын дамытуға және барлық қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз ете отырып, өңірдің туристік кластерін дамытуға баса назар аударылатын болады, - деді Рахат Назымбекұлы.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІ

# ЕРІКТІ ЖАСАҚТАР ОТАНЫМЫЗДЫҢ ШЕКАРАСЫН ҚОРҒАУДА!



**«Шекарадағы тәртіп - біздің ортақ ісіміз!»** бұл сөздер бұрынғы Кеңес Одағы кезеңінен бастап, шекаралас аймақтардың тұрғындары арасында қантасымас етуге атсалысқан тұрғындардың белсенділігі арқасында жоғары болған және бүгінгі күні де олардың көмегі мен қолдауы өзекті болып табылады.

Қазақстан Республикасының шекарасын қорғауда азаматтардың көмегін алу мақсатында арнайы өрежелер әзірленіп, олар шекарадағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін ерікті жасақтарды құруға негіз болды. Бұл жасақтар шекарадағы тәртіпті сақтау жұмыстарына белсене қатысады.

Аталған жасақтар Мағжан Жұмабаев ауданында да құрылып, шекараны қорғауға белсенді қатысады. Ерікті жасақтар негізінен ауыл және орман шаруашылығы қызметкерлері, сондай-ақ өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар, яғни күнделікті қызметі шекара маңындағы кеңістіктегі жұмыспен байланысты және шекарадағы бұзушылықтарды анықтауға мүмкіндік беретін ауыл тұрғындары болып табылады.

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы да облыстың шекаралас аймағы болып табылады, оның аумағы бойынша Мемлекеттік шекараның ұзындығы 315 км құрайды. Аудан аумағындағы шекараны қорғау ҚР ҰҚК Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Шекара қызметі департаментінің «Мағжан» шекара бөліміне және СҚО Мағжан Жұмабаев ауданы мен Қызылжар ауданының аумағында орналасқан шекара бөлімшелеріне жүктелген.

Біздің учаскеде Шекара қызметін атқарудың қиындығы өңірдің орманды және орманды-далалы табиғи аймақтарда орналасқандығы болып табылады, бұл шекара маңындағы кеңістіктегі құқыққа қарсы қызметке қатысы бар, оның ішінде шекараны заңсыз кесіп өту ниетін білдіретін адамдар үшін қолайлы жағдай жасайды.

Шекарадағы бұзушылықтардың жолын кесуде аймақтың саналы азаматтары айтарлықтай қолдау көрсетеді. Мәселен, жергілікті тұрғындар мен ерікті жасақшылардың көмегінің арқасында 2024 жылдың басынан бері облыс аумағында 30-дан астам құқық бұзушылықтың алдын алды, 42 шекара бұзушы ұсталды.

Шекарашыларға Золотая Нива ауылында тұратын Бадамшин Фаат Шайхулинович, Поздеева Валентина Николаевна (Возышевска ауылы), Жұманов Төлеу Мұхамедиярұлы (Александровка ауылы), Сапаров Әлібек Әнуарбекұлы (Ноғайбай ауылы), Қазоков Владимир Николаевич (Суворова ауылы), Тілеулин Азамат Серікұлы, Демескин Николай Николаевич, Полоцкий Владимир Петрович (Надежка ауылы).

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті шекара маңындағы ербір тұрғынды Мемлекеттік шекараны қорғауды қамтамасыз ету мәселелерінде қырағылық пен азаматтық жауапкершілік танытуға шақырады.

**Құрметті Мағжан Жұмабаев ауданының тұрғындары!**  
Отанымыздың Мемлекеттік шекарасын қорғауға белсенді қатысыңыз! Шекарашылармен бірге оны қорғау мен нығайту ісіне лайықты үлес қосыңыз! Күдікті адамдар анықталған жағдайда Сіз бұл туралы «Мағжан» шекара бөліміне телефон арқылы хабарлай аласыз: 8 (715-31) 2-04-92, 8-771-461-70-03.

ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті.

## ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІ ЖҰМЫСҚА ҚАБЫЛДАЙДЫ

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментіне және оның шекара бөлімшелеріне әскери лауазымдарға тракторшы, санитарлық нұсқаушы, электрік-дизельші, жүргізуші, фельдшер (медициналық, ветеринарлық), слесарь және тағы да басқа азаматтық персоналдар арасынан әскери лауазымы есебінен уақытша тағайындау және азаматтар арасынан жұмысқа қабылдау жүргізіледі.

**Әділхан БАУЫРЖАН,**  
«Батыр Баян» шекара заставасы бастығының орынбасары, лейтенант.

ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІ ХАБАРЛАЙДЫ

# ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІНІҢ БАСШЫЛЫҒЫ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАЙДЫ

Мағжан Жұмабаев ауданы полиция бөлімінің басшылығы күнде азаматтарды қабылдау өткізеді. Іш-шараның басты мақсаты – халықпен кері байланысты қамтамасыз ету, олардың проблемалық мәселелерін шешу, сондай-ақ «Халық үніне құлақ асатын» мемлекет тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде сенім деңгейін арттыру.

Жеке қабылдауды өткізу уақыты: күнделікті сағат 10.00-ден сағат 12.00-ге дейін және сағат 15.00-ден сағат 17.00-ге дейінгі уақыт аралығында, өткізу орны – Булаев қаласы, Юби-

лейна көшесі, 52 үй, М. Жұмабаев ауданы полиция бөлімінің ғимараты, ақпанды 2-00-33 телефоны арқылы жасалуға болады.

- Полиция бөлімінің бастығы, полиция полковнигі Асан Қайдарұлы Мейрамов - полиция бөлімінің жалпы мәселелері бойынша.

- Полиция бөлімі бастығының бірінші орынбасары, полиция подполковнигі Жалғасбек Асылбекулы Мұқашев - қылмыстарды ашу және жедел-іздестіру іс-әрекеттері мәселелері бойынша.

- Полиция бөлімі бастығының

орынбасары, полиция капитаны Үмітбек Фархадұлы Фархадов - қылмыстық істерді тергеу кезіндегі қызметкерлердің әрекеттеріне қылмыстық істерді тергеу сұрақтары және шағымдары бойынша.

- Полиция бөлімі бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Александр Владимирович Розбах - учаскелік полиция инспекторларының, өкімшілік полицияның, лицензиялық рұқсаттама жүйесі және табиғатты қорғау полициясының мәселелері бойынша.

белгіленген адамдардың айқындалған шектеулерді сақтауына ерекше назар аударады.

Егер Сіз және Сіздің жақындарыңыз тұрмыстық зорлық-зомбылыққа тап болса, 8-715-31-2-18-08 немесе «102» телефоны бойынша Мағжан Жұмабаев ауданының полиция бөліміне «111» жедел желісіне жүгінулеріңіз қажет.

**Римма ЛЮБКОВСКАЯ,**  
аудандық полиция бөлімінің өйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының инспекторы, полиция майоры.

## «ТҮРМЫС» ЖҮІШ

Отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласында мас күйінде жасалатын қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында аудан аумағында 2025 жылдың 20-29 қаңтары аралығында «Тұрмыс» республикалық жедел-профилактикалық іс-шарасы өтуде.

Осы ЖПШ шеңберінде полиция қызметкерлері қолданыстағы заңнаманы түсіндіру бойынша халық арасында кең ауқымды іс-шаралар

өткізіп, тұрмыста құқық бұзушылық жасауға бейім адамдарды, сондай-ақ қолайсыз отбасыларды тұрғылықты жері бойынша тексерді. Сондай-ақ, полиция қызметкерлері отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтар үшін қандай жазалау шараларына қауіп төндіретінін түсіндірді.

Мәселен, олар белгілі бір адамға қатысты қорғау ұйғарымдары шығарған не мінез-құлқына ерекше талаптар

## ЖЕЛІЛІК ПОЛИЦИЯ ЕСКЕРТЕДІ

**Петропавл станциясындағы ЖПБ қарамағына кіретін Мамлют ст., Булаев ст. ЖП бөлімшелерінде және Смирнов станциясында қызмет атқару аумағында ағымдағы жылдың қаңтар айының 14-16 аралығында жолаушылар және қала маңы электр поездарында, қоғамдық орындарда тиісті қоғамдық тәртіпті сақтау, қылмыстарды ескерту және жолын кесу мақсатында «Тасымалдаушы» ЖПШ өтті.**

Шара барысында №75 «Қызылорда-Петропавл» бағытындағы жолаушылар поезында Петропавл ст. ЖПБ бастығының орынбасары, полиция полковнигі Т.Я. Ахмеров СҚКП өкілдерімен бірлесіп жолаушылармен «Жолдағы кездесу» өткізді.

Кездесу барысында жолаушыларға өткізіліп жатқан жедел-профилактикалық іс-шарасының басты мақсаты жайында айтып өтті. Барлық көкейтесті мәселелер бойынша кездесуге қатысқан жолаушыларға поезд жолсеріктеріне тиянақты түрде түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Әсіресе, жол жүру кезінде жол қауіпсіздігін сақтауға аса көңіл бөлу, атқарылып жатқан жұмыстар жайында айтылды. Жолаушылармен сұхбат

## «ТАСЫМАЛДАУШЫ» ЖҮІШ

кезінде темір жол вокзалдарында, жолаушылар поездарында жасалатын қылмыс түрлеріне мысалдар келтірілді. Барлық қойылған сұрақтар бойынша тиянақты жауап берілді. Кездесу соңында барлық қатысушыларға жадынамалар таратылды.

Ал Мамлют ст. ЖП бөлімшесінде бастығы полиция капитаны А. Рахиев «Петропавл-Петухово» электропоезының Мамлют станциясында тұрған кезінде Мамлют станциясы бастығы С.К. Бесенова «Көліктегі темір жолда жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және азаматтармен құқық бұзу профилактикасы» атты тақырыпқа жұмыс кездесуін өткізді.

Дәл осы мезетте Смирнов станциясында патрульдік полиция тобының полицейі, полиция аға сержанты А.Қошыбаев ҚТЖ «Смирнов бөлімшесі» жұмысшыларымен кездесіп, түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Ал Булаев ст. ЖП бөлімшесі бастығы, полиция майоры О. Мырзалин «Аманат» партиясы өкілінің қатысуымен «Петропавл-Есілкөл» бағытындағы №6974 қала маңы электр поезында жолсеріктермен «Жолдағы кездесу» өткізіп, өтіп жатқан «Тасымалдаушы» ЖПШ маңызын түсіндірді.

Булаев станциясындағы желілік полиция бөлімшесі.

## ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

# 2025 ЖЫЛЫ АҢЫППҰЛ ҚАНША ТЕНГЕГЕ ӨСЕДІ?

Елімізде 2025 жылы 1 қаңтардан бастап 1 АЕК 3 932 теңге болады. Яғни бұл АЕК-пен есептелетін кез келген төлем, оның ішінде айыппұл, әлеуметтік төлемдер және т.б. көлемі де артады дегенді білдіреді. Биыл 1 АЕК 3 692 теңгеге тең. Енді 2025 жылдан бастап ол 240 теңгеге өспек. Осылайша 2025 жылы 1 қаңтардан бастап құқық бұзып, айыппұл арқалағандар қанша теңге төлейтінін есептеп көрейік.



**Реміздерді қорлау**  
Қылмыстық кодекстің «Мемлекеттік рәміздерді қорлау» туралы 372-бабына өзгерістер енгізілді. Өзгерістер нәтижесінде рәміздерді қорлау дерегі үшін айыппұл көлемі 3 000 АЕК-ке өсті. 2025 жылдан бастап 1 АЕК 3 932 теңге, демек 3 000 АЕК 11 796 000 теңге болады.

**Кіреберісте қоқыс «пакетін» қалдыру**  
Пәтерге кіреберістегі есіпкінің қасына қоқыс салынған дорбаны қалдырғаны үшін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 505-бабына сәйкес «Абаттандыру қағидаларын бұзғаны» үшін 20 АЕК айыппұл салынады. Ал бұл әрекетті азамат бір жыл ішінде қайталап жасаса, онда 30 АЕК көлемінде айыппұл салынады. 20 АЕК 78 640 теңгеге тең болса, 30 АЕК 117 960 теңге.

**Шулап, тыныштықты бұзу**  
Елімізде заң бойынша кешкі сағат 22.00-ден 9.00-ге дейін тыныштықты бұзуға болмайды. Тұрғын үй ғимараттары мен тұрғын үй құрылысы аумақтарында орналасқан ойын-сауық орындарына жұмыс күндері сағат 22.00-ден таңғы 9.00-ге дейін, демалыс және мереке күндері сағат 23.00-ден таңғы 10.00-ге дейін шулауға тыйым салынады. Тәртіп бұзған жеке тұлғаларға – 5 АЕК (19 660 теңге), бір жыл ішінде қайталанса 10 АЕК (39 320

теңге) айыппұл салынады. Сонымен қатар кәсіпкерлерге 20 АЕК-тен 150 АЕК-ке дейін (78 640 – 589 800 теңге) айыппұл салынады.

**Түкіру**  
Қоғамдық орында түкіргені үшін, сондай-ақ белгіленбеген жерлерде қоқыс тастағаны үшін құқық бұзған адамға бірінші рет 5 АЕК, яғни 19 660 теңге айыппұл салынады. Ал азамат осы әрекетін қайталап, онда 10 АЕК, яғни 39 320 теңге көлемінде айыппұл төлейді.

Көлік жүргізгенде телефон пайдаланып, белбеу тақпау  
Жолаушылар мен жүктерді тасымалдау ережелерін бұзғаны, қауіпсіздік белбеуін тақпау және көлік жүргізіп бара жатқанда телефон пайдаланғаны үшін жүргізушілерге 5 АЕК көлемінде айыппұл салынады. Бұл 2025 жылы 19 660 теңге.

**Құжатсыз көлік жүргізу**  
Жүргізу құқығы жоқ жүргізушінің көлікті басқаруы 20 АЕК, яғни 78 640 теңге көлемінде айыппұл төлейді. Көлік құралын басқару құқығынан айырылғандар көлік жүргізсе, оларға 50 АЕК, яғни 196 600 теңге айыппұл салынады немесе 20 тәулікке қамалуға алынады.

**Автобуста жолақы төлемей**  
Қала және қала маңындағы қоғамдық көлікте жолақыны төлмегендерге 2 АЕК, яғни 7 864 теңге айыппұл салынады.  
Ал жолаушыларды билетсіз алып жүргені үшін 5 АЕК (19 660 теңге) айыппұл салынады.

**Кәмелетке толмағандардың түнде жүруі**  
Кәмелетке толмағандар заңды өкілдерінің 22.00-ден 6.00-ге дейін ойын-сауық мекемелерінде болса, олардың ата-анасына 3 АЕК (11 796 теңге) мөлшерінде айыппұл салына-

ды. Ал 18 жасқа толмаған бала 23.00-ден 6.00-ге дейін үйден тыс жерде жүрсе, онда заңды өкілдеріне ескерту жасалады. Егер осы әрекеттер бір жыл ішінде қайталанса, онда баланың заңды өкілдеріне 27 524 теңге (7 АЕК) айыппұл салынады.

Ойын-сауық мекемесінің иелерінде 10-нан 100 АЕК дейінгі мөлшерде (39 320 және 393 200 теңге) айыппұл салу көзделген.

**Жолды кесіп өту**  
Жаяу жүргінушілер жол қозғалысы ережелерін сақтамағаны үшін (қате жерден өту және т.б.) 2 АЕК (7 864 теңге) көлемінде айыппұл төлейді. Бір жыл ішінде қайталап бұзғаны үшін айыппұл 10 АЕК-ке (39 320 теңге) дейін өседі.

**Жылдамдықты асыру**  
Көлік жылдамдығын асырғаны үшін: - сағатына 10-20 шақырымға асырғаны үшін айыппұл 5 АЕК (19 660 теңге).

- сағатына 20-40 шақырымға асырғаны үшін 10 АЕК (39 320 теңге). - сағатына 40 шақырымнан асырғаны үшін айыппұл қазірдің өзінде 20 АЕК (78 640 теңге).

Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде жылдамдықты қайталағаны үшін 30 АЕК (117 960 теңге) айыппұл қарастырылған.

**Қоғамдық орында балағат сөз айту**  
2023 жылғы наурыз айынан бастап заңға қоғамдық орындарда балағат сөз айтқандарға 20 АЕК, яғни бұл 78 640 теңге немесе 30 тәулікке қамалуға алынады.

Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде балағат сөз айтқаны үшін ескерту немесе 5 АЕК (19 660 теңге) көлемінде айыппұл салынады. Ал мүғалімді немесе дәрігерді балағаттаса, онда 10 АЕК (39 320 теңге) көлемінде айыппұл қарастырылған.

«СОЛТҮСТІК - 2025» АУДАНДЫҚ ҚЫСҚЫ СПОРТ МЕРЕКЕСІ

# ҚЫСҚЫ ПРЕЗИДЕНТТІК ҚӨПСАЙЫС БОЙЫНША ЖАРЫС



Қаңтар айының 18-ші жұлдызында Булаев қаласында «Солтүстік - 2025» аудандық қысқы спорт мерекесі бағдарламасы аясында қысқы Президенттік көпсайыс бойынша жарыстар өтіп, оған Булаев қаласы мен ауданның 13 ауылдық округінің спортшылары қатысты. Жарыста спортшылар пневматикалық мылтықтан ату, күштік гимнастика және шаңғы жарысы бойынша спорттың үш түрі бойынша сынеа түсті. Батыр Баян атындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде және №2 Булаев орта мектебінің базасында өткен сайыстар тартысқа толы болып, барлық спортшылар жеңіске деген ұмтылысымен көзге түсті. Осылайша, ерлер мен әйелдер арасында жас ерекшеліктері бойынша өткізілген жарыс қорытындысы төмендегідей болды:

## ЕРЛЕР АРАСЫНДА

- 60 және одан жоғары жас тобында  
3 орын - Қалиев М. (Полудин а/о)  
2 орын - Шевелев В. (Булаев қ.)  
1 орын - Харитонов Н. (Возвышен а/о)
- 50-59 жас тобында  
3 орын - Ибраев К. (Ноғайбай би а/о)  
2 орын - Кравченко Е. (Молодогвардейское а/о)  
1 орын - Суханов С. (Булаев қ.)
- 40-49 жас тобында  
3 орын - Тұрғанбеков С. (Возвышен а/о)  
2 орын - Смолкин А. (Чистов а/о)  
1 орын - Локшин А. (Булаев қ.)
- 35-39 жас тобында  
3 орын - Пайзиев Р. (Лебяжье а/о)  
2 орын - Орал С. (Қарақоға а/о)  
1 орын - Ибрагимов Х. (Возвышен а/о)
- 24-34 жас тобында  
3 орын - Заводчиков В. (Булаев қ.)  
2 орын - Тілеуов Б. (Бәйтерек а/о)  
1 орын - Яцкевич М. (Полудин а/о)
- 21-23 жас тобында  
3 орын - Бауыржан С. (Аққайың а/о)  
2 орын - Кивалов С. (Полудин а/о)  
1 орын - Дүйсембай Б. (Возвышен а/о)
- 18-20 жас тобында  
3 орын - Сухов Р. (Возвышен а/о)  
2 орын - Штукерт Ю. (Возвышен а/о)  
1 орын - Дроздов А. (Молодогвардейское а/о)

## ӘЙЕЛДЕР АРАСЫНДА

- 60 және одан жоғары жас тобында  
2 орын - Байрамова М. (Алтын дән а/о)  
1 орын - Скрипникова Н. (Возвышен а/о)
- 50-59 жас тобында  
2 орын - Васильева Э. (Ноғайбай би а/о)  
1 орын - Харина Е. (Алтын дән а/о)
- 40-49 жас тобында  
3 орын - Нүрсейітова С. (Успенка а/о)  
2 орын - Крайсвитняя О. (Возвышен а/о)  
1 орын - Ивочкина Т. (Алтын дән а/о)
- 35-39 жас тобында  
3 орын - Геринг С. (Алтын дән а/о)  
2 орын - Омарова Ш. (Лебяжье а/о)  
1 орын - Яловенко Т. (Возвышен а/о)
- 24-34 жас тобында  
3 орын - Мальнева В. (Бәйтерек а/о)  
2 орын - Рузанова Е. (Алтын дән а/о)  
1 орын - Фадеева В. (Булаев қ.)
- 21-23 жас тобында  
3 орын - Базарбаева Д. (Ноғайбай би а/о)  
2 орын - Кутузова А. (Алтын дән а/о)  
1 орын - Гриценко В. (Полудин а/о)
- 18-20 жас тобында  
3 орын - Кочубеева К. (Возвышен а/о)  
2 орын - Трошина Д. (Булаев қ.)  
1 орын - Нұралина Ж. (Булаев қ.)
- Жарыстың барлық қатысушыларына зор денсаулық және одан әрі спорттық жетістіктер тілейміз.

Қанат МҰСАТАЕВ,  
дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы.



## ҚАЗАҚ КҮРЕСІНЕН ОБЛЫС ЧЕМПИОНАТЫ: ЖАС БАЛУАНДАР ЕКІ КҮМІС, ЕКІ ҚОЛА МЕДАЛЬ ЖЕҢІП АЛДЫ

18-20 қаңтар аралығында Петропавл қаласында 2014-2015 жылғы туған күні жасөспірімдер арасында қазақ күресінен облыс чемпионаты өтіп, оған Мағжан Жұмабаев ауданы балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің жаттықтырушы-оқытушысы Амангелді Бәкірестің тәрбиеленушілері қатысты.

Екі күнге созылған жарыс қорытындысы бойынша 46 келі салмақта Нұрислам Әлімжан мен 50 келіден артық салмақта Ернар Өстемір жұлделі 2-ші орынды жеңіп ала, 38 келі салмақта Бахтияр Едресов пен 23 келі салмақта Алдияр Әміржан 3-ші орынға ие болды. Айта кетерлігі, 2018 жылы туған Алдияр өз жасынан 3-4 жас үлкен қарсыластарымен нық тіресе белдесіп,

лайықты өнер көрсетті. Ақтық сынға шығуға аз-ақ жетпей қалды. Дегенмен, жарыста күрескен барлық балуандар жақсы белдесіп, аудан намысын абыроймен қорғады.

Сондықтан жаттықтырушы мен жас балуандарға алғыс білдіріп, алдағы жарыстарда тек жеңіс тілеймін.

Ермек ИСМАҒҰЛОВ,  
БЖСМ басшысы.





## «КӘСІПТІК БІЛІМ: ТАБЫСҚА АПАРАР ЖОЛ»

16 қаңтар күні Мағжан Жұмабаев аудандық орталық кітапханасының ұйымдастыруымен «Кәсіптік білім: табысқа апарар жол» атты ақпараттық бағдарлама ұйымдастырылып, кәсіби қызметкерлер жылына бастама берілді.

Аталмыш іс-шараға аудан әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Азамат Шәріпов, ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Сәуле Нұрқайдарова, орталық кітапхана директорының м.а. Сандуғаш Бекішева, аудандық тарихи-өлкетану мұражайының директоры Серік Жұмағұлов, педагогика саласының ардагерлері Сергей Заев және

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялады. Бұл жоба қоғамда қажырлы еңбек пен кәсіпқойлық құндылықтарын ілгерілетуге, қоғамымызда бірінші орында тұруы тиіс адал және қажырлы еңбектің маңыздылығын атап көрсетуге бағытталған. Ұлтымыздың жаңа сапасы қалыптасып келе жатқаны – өз саласының мамандарының арқасында.

Александр Барсуков, дәнекерлеушілер Рашид Тастанбеков, Артем Бенц, кәсіптік колледж оқытушылары Батыр Әбілмәжін және Родион Царегородцев, Булаев мектеп-бөбекжай-балабақша кешенінің 10-11 сынып оқушылары, кәсіптік-техникалық колледж студенттері қатысты. Кездесуде өмірлік және еңбек тәжірибесі

мол еңбек ардагерлері, мемлекеттік қызметте абыройлы қызмет етіп келе жатқан мамандар, өндірісте абыройлы еңбек етіп жүрген өз ісінің майталмандары сөз сөйлеп, меймандар ескеңе ұрпаққа мамандықты дұрыс таңдаудың маңыздылығы мен өмірдегі мақсатын атап өтті. Іс-шара соңында қатысушыларға арналған

«Кітапхана арқылы – мамандыққа» атты тақырыптық кітап көрмесі ұйымдастырылды. Орталық кітапхана библиографы Мария Марий алуан түрлі мамандықтарды, олардың қыр-сыры мен ерекшелігін қамтитын кітаптар ұсынып, жастардың қызығушылығын арттырды.

Осылайша, 2025 жылы жарияланған Жұмысшы мамандықтары жылына арналған іс-шара өндірістік кәсіптердің беделін көтеруге бағытталып, алдағы уақытқа жоспарланған кең ауқымды жұмыстардың басы болды.

Қанат ӨТЕМУРАТОВ,  
суреттерді түсірген автор.



## 2025 ЖЫЛЫ ҚАНДАЙ ЖҰМЫСШЫ МАМАНДАРҒА СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ БОЛАДЫ

Елімізде 2025 жылы жоғары сұраныста болатын жұмысшы мамандықтардың ТОП-10 тізімі жасалды.

Еңбек ресурстарын дамыту орталығының мәліметінше, сұранысы жоғары жұмысшы мамандықтардың алғашқы ондығының тізімі мынандай:

1. Жүк көлігінің жүргізушісі (21,8 мың адам немесе жалпы сұраныстың 5,4 пайызы);
2. Сантехниктер және құбыр салушылар (17,3 мың адам немесе жалпы сұраныстың 4,3 пайызы);
3. Дәнекерлеуші (15,6 мың адам немесе жалпы сұраныстың 3,9 пайызы);
4. Құрылысшылар бригадасының басшысы, бригадир (11,9 мың адам немесе жалпы сұраныстың 2,9 пайызы);
5. Автобус жүргізушісі (10,8 мың адам немесе жалпы сұраныстың 2,7 пайызы);
6. Сылақшы (9,9 мың адам немесе жалпы сұраныстың 2,5 пайызы);
7. Техник-электрик (9,7 мың адам немесе жалпы сұраныстың 2,4 пайызы);
8. Тракторшы (9,6 мың адам немесе жалпы сұраныстың 2,4 пайызы);
9. Құрылысшы-монтаждаушы (7,9 мың адам немесе жалпы сұраныстың 1,9 пайызы);
10. Темір ұстасы, слесір (7,4 мың адам немесе жалпы сұраныстың 1,8 пайызы).

Сондай-ақ, орталық сарапшылары кәсіптік-техникалық білімі бар мамандарға алдағы 5 жылдағы сұраныс көлеміне жасаған болжамын жариялады:

- 2025 жыл: 63,8 мың адам;
  - 2026 жыл: 65,7 мың адам (+1,9 мың немесе 3%);
  - 2027 жыл: 67,9 мың адам (+2,2 мың немесе 3,3%);
  - 2028 жыл: 66,8 мың адам (1,1 мыңға кемиді немесе -1,6%);
  - 2029 жыл: 67,5 мың адам (+0,7 мың немесе 1%);
  - 2030 жыл: 71,4 мың адам (+3,9 мың немесе 5,8%).
- Жоғарыдағы деректерге сүйене отырып, жұмысшы мамандықтарға сұраныс жыл сайын артып отыратынына көз жеткіземіз. Ал сұраныс артқан сайын жұмысшы мамандықтардың беделі де жоғарылай түседі.
- Ал Еңбек ресурстарын дамыту орталығының мәліметінше, 2025 - 2030 жылдары елімізде түрлі салада 1,6 млн маман қажет болады екен. Оның ішіне жоғары, орта, арнайы білімі бар мамандар, басшылар және арнайы біліктілігі жоқ жұмысшылар енеді.
- Әсіресе, есепшілер, күзетшілер, сатушылар, жүргізушілер және орта мектеп мұғалімдеріне сұраныс жоғары болады. Себебі, бұлар - еңбек нарығындағы ең ауқымды бөлікті алып жатқан мамандықтар.
- Болжам бойынша, 2030 жылға дейін 1,8 млн жұмысшы сұраныста болады. Соның 1 миллионы – слесарь, токарь, краншы секілді жұмысшы мамандықтары болады. Сол себепті соларға сұраныс артақын көріп отырымыз. Келесі мәселе – демографиямыз есіп келеді, адам саны көбейгендіктен мұғалімдер мен дәрігерлер көбірек керек болады.

## СҰРАНЫСЫ ЖОҒАРЫ ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРДЫҢ ТОП-10 ТІЗІМІ

**Жүк көлігінің жүргізушісі**  
(21,8 мың адам немесе жалпы сұраныстың 5,4 пайызы)

**Сантехниктер және құбыр салушылар**  
(17,3 мың адам немесе жалпы сұраныстың 4,3 пайызы)

**Дәнекерлеуші**  
(15,6 мың адам немесе жалпы сұраныстың 3,9 пайызы)

**Құрылысшылар бригадасының басшысы, бригадир**  
(11,9 мың адам немесе жалпы сұраныстың 2,9 пайызы)

**Автобус жүргізушісі**  
(10,8 мың адам немесе жалпы сұраныстың 2,7 пайызы)

**Сылақшы**  
(9,9 мың адам немесе жалпы сұраныстың 2,5 пайызы)

**Техник-электрик**  
(9,7 мың адам немесе жалпы сұраныстың 2,4 пайызы)

**Тракторшы**  
(9,6 мың адам немесе жалпы сұраныстың 2,4 пайызы)

**Құрылысшы-монтаждаушы**  
(7,9 мың адам немесе жалпы сұраныстың 1,9 пайызы)

**Темір ұстасы (слесір)**  
(7,4 мың адам немесе жалпы сұраныстың 1,8 пайызы)



## БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ КЛАССИГИ

**Маежан Жұмабаев – балалар әдебиетінің классигі, балаларға арналған фольклорлық туындылардың авторы. Маежан туындылары – бала тәрбиесінің таптырмас құралы, баланы бесіктен еңбекке тәрбиелеудің негізін салған ұстаз-жазушы. Бастауыш мектепте ана тілін оқыту, тіл дамуы әдістемесін қалыптастыруға алағаш қадам жасаушылардың бірі – Маежан.**



1923 жылы жарияланған «Бастауыш мектепте ана тілі» атты еңбегінде төрт жылдық бастауыш мектептің әр сатысына сәйкес ана тілі бойынша бала тілін дамыту үшін жүргізетін жұмыстар, оны қалыптастыратын дағдылар жүйесін жасап ұсынған болатын. Мағжан осы еңбегінде жаттығулар мен дағдылар жүйесін әр сыныпқа топтап, оқып отырған

шығарманы бала қиялымен суретке салғызу, бала тілімен сахналату, баланың ұғымына қарай жеңіл түрде шеберлікпен жеткізу керектігіне тоқталды. Қазақ әдебиетінің классигі, педагог Мағжан Жұмабаев ағартушылық шығармасында балалар әдебиетіне ерекше көңіл бөлді. Ақынның балаларға арнап шығарған өлеңдерінің тілі жеңіл, тәрбиелік мәні зор, бала қауымын өзіне тартып тұратын ерекшелігімен бағаланады. Мағжанның алғашқы «Шолпан» жинағында балаларға арналған «Балалық шақ», «Қарағым», «Сал-сал Білек, сал Білек», «Ата бата» өлеңдері жарияланған болатын. Ақын «Балалық шақ» өлеңінде ойын балаларына білімнің адам болып қалыптасуымызға тигізетін пайдасын жеткізе келе, балалық шақтарынан бастап оқу-білімге көңіл бөлу керектігін, уақытты тек өткізбей, бойға тек жақсылықты ғана сіңіруге шақырады.

Жастық – алтын,  
Құрып қал салтын  
Салты оның – үйрен!  
Өнер құып,  
Бел бекем буып,  
Надандықтан жирен!  
Тұрма, қарғам, ұмтыл!

Аты өшкірден құтыл!  
«Аты өшкірден құтыл!» - деп балаларды білімсіздіктен, надандықтан қорғайды. «Қарағым» өлеңінде Мағжан балаға «қарағым» деп, ойын жылылықпен жеткізеді:

Қарағым, оқу оқы, босқа жүрме!  
Ойыңа құр қаларсың, көңіл бөлме.  
Оқымай, ойын құған балаларға  
Жолама, шақырса да қасына ерме  
Кідірме, аялдама, алға ұмтыл,  
Алам деп көктен жұлдыз қолың серме,  
- деп жатық тілмен, баланы өзіне жақын тарта отырып, оқуға, білімге шақырады.

Мағжан «Бәбектің тілегі» атты өлеңінде баланы ата көсібі – мал бағуға сүйсіспеншілігін оята келе, ауыл баласына әр туған төл қуаныш әкелетінін бала тілімен жеткізеді.

Тоқтышағым, тоғыз тап,  
Саулық қойым, сегіз тап,  
Сегізін де семіз тап,  
Құла бием, құлын тап,  
Құлын таппа, құнан тап,  
Құнан тапсаң, егіз тап – деп әр төлді сүйкімді етіп көрсету үшін көркем де өдемі сөз қолданады. Өлең жолдарындағы ұйқастық, буын сандарының бірегейлігі, әр

жолы өзінен өзі жатталып, дауыстап айтуымен қызықтырады.

Сал-сал Білек, сал Білек,  
Балдан тәтті бал Білек,  
Мектепке бар бір мезгіл.  
Ежеңнің тілін ал, Білек,  
Сал-сал Білек, сал Білек,  
Сабағына бар, Білек,  
Қыдыра берме қалтып,  
Етегіңмен қар күреп.  
Сал-сал Білек, сал Білек  
Сұлу тандай тал Білек,  
Оқып-оқып бір асқан

Ғалым болып қал, Білек – деп жас баланы оқуға шақырған осы шағын өлеңі жаттауға ыңғайлы, әрі көркем жазылған.

Мағжанның балаларға арналған өлеңдері осы күнге дейін өз құндылығын сақтап келген, бала тілін ұштауға, тез есте сақтауына, жаттауына оңай, таза және жатық шығармалар. Мағжан Жұмабаевтың шығармалары оқушыларды қызықтырады, себебі өмірді таануына, жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді.

Поэзия өлемінде айрықша із қалдырған, терең сырға, ұшқыр қиялға толы өлең дүниесін кейінгіге аманат етіп қалдырған ақын Мағжан Жұмабаевтың шығармалары жас ұрпақты тәрбиелеу жолында қазақ қауымына әлі талай қызмет етері сөзсіз.

**Айгүл ЖҮНІСПАЕВА,**  
**«Мағжан Жұмабаев музейі»**  
**филиалының директоры.**

## ҰСТАЗ АТЫНА ЛАЙЫҚ ЕТКЕН - МАҒЖАН ПЕДАГОГИКАСЫ

Мені ұстаз шыңына шығарған - «Мағжан Педагогикасы».

Қызылжар өңірінің қаламгері, жазушы-журналист Жарасбай Сүлейменов ағамыздың мынадай айтқан ойы маған да ой салды. Мағжантанушы Жарасбай ағамыз бір сөзінде «Менің жолымды ашқан Мағжан», десе мені ұстаздардың биік шыңына шығарған, нағыз ұлағатты ұстаз еткен, асқақ рухты, жер жүзіне аты жайылған, кемелгер, терең ойлы ақынмыз Мағжан бабамның күні бүгінге дейін құнын жоймаған, таптырмас қазынасы «100» жылдық тумасы «Педагогикасы», - дер едім. Өйткені мектеп табалдырығын алғаш аттағалы тұрған жас мамандарға көп нәрсе түсініксіз де өте қиын. Міне, маған мұғалімдік дара жолды салған, көп білмейтін құндылықты үйреткен, үлдемі ақыл берген бірінші осы Мағжан «Педагогикасы». Себебі, алдына келген балалардың назарын аудару, оларға жол салу бәріміздің қолымыздан келе бермейтіні ақиқат. Осыдан 40 жыл бұрын менің көкемің әдіскерім болған «Педагогика». Бұл құнды, аса бағалы оқулықта сабақ өткізгенде қолданылатын әдіс-тәсілдер өте көп.

Мысалы: жаңа білімді бұрынғы білімімен байлау. Бір нәрсені еске тез алынуы һәм естен тез шықпауы үшін, ол нәрсені бұрын есте бар нәрсеге байлануы шарт. Мұғалім осыны ескеруі керек, яғни бір нәрсені бала өзіне тез алысы һәм ұзақ уақыттан десе, балаға жаңа беретін білімді жат күйінде бермесін, баланың бұрынғы таныс білімдеріне байлап берсін. Бұл дегеніміз қазіргі мұғалімдер қолданатын «Естің қорын тексеру», «Миды қозғау», деген кезеңдерге жатады.

Жаңа білімді түсіндіру кезінде мұғалімнің шеберлігі өзі білген білімінің бәрін балаға тез білдіруге емес, ешпен, басқашып білдіруге. Мұғалім үсті-үстіне тонып, түрлі білімді, түрлі сөзді айта берсе, баланың да



Мұғалім - мамандық, ұстаздық - қасиет. Яғни ұстаз болу - адам бойындағы ұлы қасиеттердің бірі. Сол себепті осы үлкен ұғымдағы қасиетке барынша адалдық танытуымыз керек. Осыған орай барша қазақстандық ұстаздар қазақ еліне танылмай тележүргізуші Бейсен Құранбек идеясы бойынша «Ұстаз» көркем фильміні тамашалаған болатын. Сол фильмдегі басты ұстаз қандай болу керектігі біздің Мағжан бабамыздың да педагогикасында жазылған еді. Міне, осыған орай барша мағжандық жас мұғалімдерге үлкен оймақтатпай ой салып отырмайық.

іші пысады. Сабақ уақытында мұғалім сөзі жинақты, жігерлі, қызықты болуға тиісті. Сонда ғана ол баланың абыяйы өзіне қарата алады. Бұл жерде басқыншап деген қазіргі қолданатын Блум таксономиясы дер едім. Ал Мағжан бабамыздың қарсылық ассоциациясы дегеніміз, бүгінгі Венн диаграммасы. Балаларды оқытқанда қарсылық ассоциациясының көп пайдасы тиеді. Бір

нәрсені балаға ашық ұқтырмақшы болсаң, сол нәрсенің қарама-қарсысын алып кел. Мысалы, жер ортасының мстығын түсіндірмекші болсаң, солтүстіктің суығмын салыстыр.

Балалардың білімін бағалау, яғни қазіргі қалыптастырушы бағалау да Мағжанның педагогикасында бар. Бір баланы қайта-қайта мақтап, өзге балаға көңіл бөлмесек,

бұл үлкен қате. Себебі, баланы тым асыра мақтау төкәнарлық тудырады екен. Сол себепті жақсы оқитын балаға ғана көңіл бөлу керек емес, нашар оқитын баланың да бір аз жетістігі болса да назар аудару керек деп айтылған. Сол себепті, барша мағжандық ұстаздар, Сіздер Әділетті де Жаңа Қазақстанымыздың «Мағжан сенген жастары», жігерлі, өз істеріңізге табынды, білімді болуларыңыз керек. Өйткені біздің егемен елдің ұрпақтары Мағжандай асқақ рухты, Отаным, елім, жерім деп еңбек студеріңіз керек. Мағжан бабамыздың сенімін ақтауымыз, біздер үшін үлкен жауапкершілік. Президентіміз айтқандай «Адал-адам», «Адал-табыс», «Адал-еңбек» еліне әрқайсымыз ат салысайық.

Сөз соңында тағы да Мағжан бабамыздың ойымен толқытқым келеді. «Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы - мұғалім. Еліміздің аз ғана жылдық ояну доуіріне баға беру үшін алты алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын - мұғалімдікі. Бірге оқысаң, бірге оқытсаң, жұлдызымыз бір, жолымыз бір, қазақ мұғалімдері: қолымын келген осы еңбегімді тарту қылдым. Ниетімнің тазалығы үшін тартуымды қабыл көріп алыңдар».

Міне, аса күрметті де, ардақты ұстаздар Ұлы даламыздың арда ақыны, көрнекті ағартушы Мағжанның қазақ тілінде жарық көрген тұңғыш іргелі педагогикалық ғылыми еңбегін, толтума оқулығын барша мағжандық ұстаздар, әсіресе, жас ұстаздар жылы жүректерімізге жақын ұстап бауырымызға бассақ, Мағжан сенген жастарды аспандағы жарқыраған Шолпан жұлдызындай жарқыратар едік. Баршаныңдықынындақызығымол ұстаздық жолында қызмет етіп жүрген әрқайсыңызға зор денсаулық, шығармашылық табыс тілегім келеді.

**Жәмилә ДОСОВА,**  
**мағжантанушы, зейнеткер ұстаз.**

## МАҒЖАННЫҢ ҚАРАСӨЗДЕРІ

**Осыған дейін қарасөз деген ұғым Абайға тиесілі болып келді. Сөйтсек, бізде басқа да ақындар қарасөз жазып, айтар ойын ашып айтқан екен. Солардың бірі – Маежан Жұмабаев. Былайғы жұрт ең алдымен Маежан ақынды отты өлеңдерімен, сосын тартымды прозалық шығармалары арқылы жақсы біледі.**

Мағжан Жұмабаевтың бірінші қарасөзі «Балапан қанат қақты» деп аталады. Мұны ол «Балапан» журналына арнап жазыпты. «Балапан қанат қақты...» жас еді. Қанаты да қатып жеткен жоқ еді. Амалсыз қақты. Солтүстіктің суығына шыдай алмады. Суық жел сүйегіне жетті. Ызғар өкпесіне өтті. Ұшып орманға барып еді, күні кеше күбірлесіп, күлімдесіп, жылы құшағын ашып тұрған ағаштар бұған мойнын бүрмәды. Ұшып тоғайға барып еді, қанша шырылдап айналып жүрсе де, қалы ақ көбін жамылып, тоғай тұрмады». Сонау қиын күндерде ақын бұл сөздерді «Балапан» журналына деп арнап жазғанымен, ұлтына деген көзқарас пен үмітті астарлап жеткізгені шындық. Әсіресе Мағжанның «Балапанды» «жас еді», «қанатын амалсыз қақты», «Ызғар

өкпесіне жетті» деуі «Балапанның» емес, сол тұстағы Қазақ деген ұлттың басындағы жағдай емес пе? Ал «Солтүстіктің ызғары» дегенді ашып айтпаса да, түсінікті сөз. Ол ызғар өлі де айыққан жоқ.

Ол қарасөзін жалғастыра келе бұй дейді: «Балапан қанат қақты...»

Аштан өлетін болды. Ойды-қырды қар басқан. Бір қылтаңақ таба алмады. Ой-жандармен жылы жаққа кету, егіз Есіл-Нұраның тәтті суларынан ішіп, Аралдың ыстық құмын құшақшасы. Терең Балқаштың мөлдіріне шомылмақшы. Алтайдың етегінде «Үй» деп демін алып, Марқакөлдің қаймағында жүзбекеші». Соңғы сөйлемдерде ақын өз ұлтының үмітін, арманын, ендігі жолын сөз сиқырына сыйдырып, дәлдеп жеткізіп отыр. Біз үшін «Балапанның» жылы жаққа ұшуы –

қазақтың өз билігін өз қолына алып, дәрбес ел болуы. Кешегі кеселді күндерде ақын осындай ойы, көзқарасы бар екенін жасырмайды.

Мағжан ақынның екінші қара сөзі «Домбыра» деген тақырыпта. Ол бұл туындысын «Марқұм Ш-ға арнаймын» депті. «Домбыра кейде ағаш жапырақтарының дрілдеп күбірлегендей, кейде ауру адамның ыңырсғанындай болады. Ол қайғырады... зарланады... маған алыстан талып бір дауыс естіледі. Мұндай бір дауыс жақындап келеді. Нәзік, зарлы дауыспен біреу ақырын ғана өлең айтқандай... әйел даусы... «бізден сорлы жалғанда жан бар ма екен?». Жылап тұрған қазақ әйелі арқылы Мағжан қараңғы қоғам, теңсіздік пен әділетсіздікті сың тәзіне алғысы келеді. «Маған жақындап келіп, менің көздеріме тұра қарады. Көз қарауы әрі майда, әрі салқын. Кішкене күлімсіреп, қансыз ерінін қозғап, сөйлейтін деп еді, жөтелді... ұзақ жөтелді... Ақырын ауыр жөтел». Мұнда ақынның «әйелдің маған жақындап келіп, көзіме қарады» дегені елдің сөзін бір айтса ақын айтар, мұның ақын түсінер деген ізгі тілегінен туындаса керек.

«Домбыра» қарасөзін ақын «Денем күйді... Жүрегім ауызма тығылды. Көзімнен



ыстық жас төгілді... домбыра да күңіренеді, зарлайды, ақырын жассыз жылдайды. Жыла, домбыра, жыла» деп аяқтайды. Ақын неге домбыраны жылатқысы келіп отыр, өйткені қазақтың мұң-қайғысы, қуаныш-жақсылығы тек домбыра үнімен, қос шектің тілімен шаршы өлемге жетіп жататын.

**Дүйсенәлі ӘЛМАҚАНЫ.**

**1) Айтыңызшы, БЖЗҚ-дан берілетін төлемдер бойынша 2025 жылы өзгерістер бола ма?**

Еңбек сіңірген демалысқа 2025 жылға дейін шыққан зейнеткерлерге БЖЗҚ-дан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшері 1 қаңтардан бастап 5% ұлғаяды.

Естеріңізге сала кетейік, БЖЗҚ-дан берілетін төлемдер Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы қаулысымен бекітілген Зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады. Әдістемеге сай, зейнетке шығатын азаматтарға ай сайын берілетін төлем былай есептеледі: төлем ала бастайтын алғашқы жылы зейнетақы жинақтарының сомасы зейнетақы жинақтарының 6,5% төлем мөлшерлемесіне көбейтіліп, 12-ге бөлінеді. Одан кейінгі жылдары ай сайынғы төлем зейнетақы төлемдерін индекстеудің 5% мөлшерлемесіне ұлғайып отырады. Бұл ретте БЖЗҚ-дан берілетін ай сайынғы төлем республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің (бұдан әрі - КД) көмінде 70% мөлшерінде жүзеге асырылады (2025 жылғы ең төменгі күнкөріс деңгейі - 46 228 теңге).

Мерзімсіз уақытқа белгіленген 1 немесе 2 топтағы мүгедектігі бар адамдар, сондай-ақ зиянды және қауіпті өндірістерде жұмыс істеп, зейнет жасына толған, олардың пайдасына жиынтығында кем дегенде алпыс ай міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары төленген адамдар сияқты белгілі бір санаттағы алушылар үшін Әдістемедің ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшерін арттыратын түзету коэффициенттері көзделген. Жоғарыда көрсетілген шарттардың біреуінен артығын қанағаттандыратын адамдар үшін ең үлкен мәнге ие түзету коэффициенті қолданылады.

БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдері жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтары таусылғанға дейін жүзеге асырылады.

**2) Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарнасының 2025 жылға арналған мөлшерлемесі қандай?**

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанда жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарнасының (ЖМЗЖ) мөлшері ұлғайды. Қазір ол - 2,5%.

Естеріңізге сала кетейік, 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанның жинақтаушы жүйесі жаңа құрамдаусы - жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарна-



**«БЖЗҚ ТУРАЛЫ ӨЗЕКТІ САУАЛДАР»**

сымен (ЖМЗЖ) толықтырылды. Қолданысқа енгізілген өзгерістерге сай, әрбір жұмыс беруші қызметкерлердің кірістерінен төленетін 10% міндетті зейнетақы жарналарынан (МЗЖ) бөлек, өз қаражаты есебінен 1975 жылғы 01 қаңтардан бастап туған қызметкерлерінің пайдасына қосымша жарна төлеуге міндеттелді. Жыл сайын ЖМЗЖ мөлшері кезек-кезеңімен өсіп отырады (2024 жылғы 1,5%, 2025 жылғы 2,5%, 2026 жылғы 3,5%, 2027 жылғы 4,5%) және 2028 жылғы 5% жетеді.

ЖМЗЖ есептелетін сома тиісті күнтізбелік жылға белгіленген ең төменгі жалақыдан (ЕТЖ) кем болмауы және оның 50-еселенген мөлшерінен аспауы тиіс. Жұмыс берушілер зейнет жасындағы, 1-ші және 2-ші топтағы мерзімсіз мүгедектігі бар, өскірі қызметшілер мен оларға теңестірілген адамдар, сондай-ақ 1975 жылдың 1 қаңтарына дейін туған адамдардың пайдасына ЖМЗЖ төлеуден босатылды.

**3) Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары мұраға беріле ме?**

Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары бірінші төлем түскен кезде автоматты түрде ашылатын және жұмыскерлердің меншігі болып табылмайтын шартты жинақтаушы шоттарға аударылады. Тиісінше, оларды мұраға қалдыруға болмайды. Жүйеден шыққан (ҚР азаматтығынан айырылған немесе қайтыс болған) адамдар үшін төленген жарналар қалған қатысушылар арасында бөлініп, өмір бойы төленетін болады.

**4) Тұрғын үй жағдайларын жақсарту және/немесе емделу ақысын төлеуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдерін алуға болатын қолжетімді соманы қалай тексеруге болады?**

Міндетті зейнетақы жарналары есебінен біржолғы зейнетақы төлемдерін (БЗТ) жүзеге асыру, сондай-ақ инвестициялық портфельді басқаруына міндетті зейнетақы жарнала-

ры (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ), ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен сенімгерлік басқаруға беруге болатын зейнетақы жинақтарының қолжетімді сомасы туралы ақпаратты мынадай тәсілдермен алуға болады:

- БЖЗҚ сайтындағы жеке кабинетте;
- БЖЗҚ ұялы қосымшасындағы жеке кабинетте;
- eGov.kz веб-порталы мен eGov mobile ұялы қосымшасында.

Қадамдық нұсқаулық enpf.kz сайтында орналастырылған.

**5) Салымшы өзінің зейнетақы жинағының жай-күйін қалай қадағалай алады?**

БЖЗҚ-да шот ашқан кезде шоттардың жай-күйі туралы ақпарат алу тәсілі болып, әдетте, enpf.kz сайтындағы немесе БЖЗҚ/ЕНПФ ұялы қосымшасындағы жеке кабинет арқылы алу әдісі айқындалады. Бұл мүмкіндік шоттары бұрын ашылған тұлғаларға да берілген. Алғаш рет жүгінген кезде қарапайым тіркелу рәсімінен өту жеткілікті.

Сондай-ақ, салымшылар шоттардың жай-күйі туралы ақпаратты eGov.kz электрондық үкімет порталы арқылы ала алады.

Егер салымшылар (алушылар) бұрын ақпарат алудың "электрондық пошта арқылы" немесе "пошта байланысы қызметтері арқылы" тәсілдерін таңдаған болса, онда бұл тәсілдер шот иелері оларды өз бетінше (жеке кабинет немесе БЖЗҚ кеңсесі арқылы) өзгертіпінше әрекет ететін болады. Бұл ретте Сіз өз шоттарыңыздың жай-күйі туралы ақпаратты БЖЗҚ ақпараттық жүйесінде өзекті электрондық мекенжайыңыз туралығы туралығы мекенжайыңыз көрсетілген жағдайда ғана аласыз.

Заңнамаға сәйкес, электрондық немесе тұрғылықты мекенжайыңыз өзгерген жағдайда, бұл туралы БЖЗҚ-ға 10 күнтізбелік күн ішінде хабарлау қажет. Жаңа электрондық немесе тұрғылықты мекенжайыңыз туралы хабарламаған жағдайда, бұрынғы мекенжайыңыз бойынша жіберілген хабарлама (үзінді көшірмесі бар конверт) БЖЗҚ-ға қайтарылады және болашақта Қор салымшы (алушы) жаңа мекенжайы туралы хабардар еткен сәтке дейін ақпарат беруді (жеткізуді) жүзеге асырмайды.

Электрондық мекенжайыңызды немесе тұрғылықты мекенжайыңызды қоса алғанда, өз деректемелеріңізді БЖЗҚ сайтындағы немесе ұялы қосымшасындағы жеке кабинетте де өзектендіруге болады.

**«Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы аясында жас отандастарымыз 2024 жылы 5,32 млн АҚШ долларын нысаналы мақсаттарына пайдаланды.**

**ЖАС ОТАНДАСТАРЫМЫЗ 2024 ЖЫЛЫ 5,32 МЛН АҚШ ДОЛЛАРЫН НЫСАНАЛЫ МАҚСАТТАРЫНА ПАЙДАЛАНДЫ**



«Ұлттық қор - балаларға»

«Ұлттық қор - балаларға» бағдарламасын іске асыру аясында 2024 жылы көмелетке толған отандастарымыздың нысаналы жинақтарды пайдалануы бойынша алғашқы қорытынды шығарылды. Еліміздің азаматы болып есептелетін барлық балаларға Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан алғашқы қаражат есептелген сәттен бастап 01.01.2025 жылғы жағдай бойынша «БЖЗҚ» АҚ (бұдан әрі - БЖЗҚ, Қор) шамамен 5,32 млн АҚШ долларына 53 001 өтінішті орындады (өтініш берушілердің банктік шоттарына аудару үшін уәкілетті операторларға аударылды). Оның ішінде тұрғын үй жағдайын жақсарту мақсатында 2,96 млн астам АҚШ долларына 29 542 өтініш, білім беру ақысын төлеу үшін 2,35 млн астам АҚШ долларына 23 459 өтініш қанағаттандырылды. Естеріңізге сала кетейік, нысаналы жинақтарды алушы барлық соманы немесе оның бір бөлігін ғана пайдалануға құқылы, пайдаланылмаған сома нысаналы жинақтау шотында (НЖШ) қалады.

Тұрғын үйді жақсартуға арналған қаражатты пайдаланудың ең танымал қосалқы мақсаттары: одан әрі жинақтау үшін тұрғын үй құрылысы жинақтарындағы салымды толықтыру (шамамен 2,89 млн АҚШ долларына 28 752 өтініш орындалды), азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша меншікке тұрғын үй сатып алу (түпкілікті есеп айырысу) - 24,57

мыңнан астам АҚШ долларына 245 өтініш, тұрғын үй сатып алуға ипотекалық тұрғын үй қарызын алу үшін бастапқы жарнаны енгізу - 23,12 мыңнан сәл асатын АҚШ долларына 232 өтініш.

Білім беру ақысын төлеу шеңберіндегі ең танымал қосалқы мақсаттар: Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде бір мезгілде (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу (шамамен 1,98 млн АҚШ долларына 19 728 өтініш орындалды), білім беруге жинақтау салымы туралы шарт бойынша білім беруге жинақтау салымын толықтыру (шамамен 282,97 мың АҚШ долларына 2 820 өтініш орындалды), шетелдік білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде біржолғы (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеуге (79,29 мыңнан астам АҚШ долларына 790 өтініш орындалды) төлем жасау.

Нысаналы жинақтарды тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алуға ақы төлеу мақсатында төлеу туралы уәкілетті операторлар мен өңірлер бөлінісіндегі толық ақпаратпен enpf.kz сайтында танысуға болады.

Естеріңізге сала кетейік: нысаналы талаптарға Қазақстан Республикасының 18 жасқа толмаған, нысаналы талаптарға құқығы бар азаматтары қатыса алады;

- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (ҚРҰБ) жыл сайын (1 қазан) БЖЗҚ-ға нысаналы талаптардың жалпы сомасы, орташа алғашқы инвестициялық кіріс мөлшерлемесі және нысаналы талаптарға қатысушылардың бұрын қалыптастырылған нысаналы талаптарына есептелген инвестициялық кіріс сомасы туралы ақпаратты қамтитын есепті жібереді;

- БЖЗҚ жыл сайын, есепті жылдан кейінгі бірінші айдың

15-нен кешіктірмей "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорынан (ЖТ МДҚ) алынған мәліметтер негізінде БЖЗҚ ақпараттық жүйесінде есепті жылдың соңындағы (31 желтоқсан) жағдай бойынша нысаналы талаптарға қатысушылардың электрондық тізімін қалыптастырады;

- Қор ҚР ҰБ-тан алынған ақпарат пен электрондық тізімге енгізілген нысаналы талаптарға қатысушылардың санына қатысты мәліметтер негізінде БЖЗҚ ақпараттық жүйесіне нысаналы талаптардың бір қатысушысы бойынша есепті жылдағы нысаналы талаптардың сомасы, есепті жылдың алдындағы жылдың соңындағы жағдай бойынша нысаналы талаптардың сомасына есептелген инвестициялық кіріс сомасы туралы деректерді есептеп, енгізеді;

- БЖЗҚ нысаналы талаптарды, нысаналы жинақтар мен нысаналы активтерді есепке алуды АҚШ долларымен жүргізеді.

Есепті 2024 жылғы нысаналы талаптар, сондай-ақ, инвестициялық кіріс нысаналы талаптарға қатысушыларға 01.02.2025 жылдан кешіктірмей есептелетін болады.

Бұл ретте 2007 жылы туған, 2025 жылы 18 жасқа толатын қазақстандықтардың нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды есептеу де 01.02.2025ж. кешіктірмей жүзеге асырылады.

«Ұлттық қор - балалар» бағдарламасы бойынша тұрақты түрде жасалатын есептер enpf.kz сайтына орналастырылады.

kids.enpf.kz сайтында және БЖЗҚ/ЕНПФ YouTube-арнасында Бағдарламаның шарттарымен танысып, қажетті нұсқаулықтар алып, өзіңізді қызықтыратын сұрақтарыңызға жауап алуға болады. Сондай-ақ, «Ұлттық қор - балаларға» бағдарламасын іске асыру, бала көмелетке толғанға дейін және одан кейінгі іс-қимыл алгоритмі туралы бейне нұсқаулықты БЖЗҚ/ЕНПФ YouTube-арнасында <https://www.youtube.com/watch?v=a9L8N4Q280M> сілтемесі бойынша көруге болады.

**ЖАҢА ЖЫЛДА ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫНЫ АРТТЫРУ ЖАЛҒАСЫН ТАППАҚ**

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы жинақтары көлемінің өсуіне, әлеуметтік өлшемдердің жыл сайын артуына және төлемдердің индекстелуіне байланысты жинақтаушы зейнетақысын жаңадан ала бастағандар мен алып жүрген азаматтардың «БЖЗҚ» АҚ-дан (БЖЗҚ, Қор) зейнетақы төлемдерінің мөлшерін ұлғайту биыл да жалғасын таппақ.

Бәрімізге белгілі, әрбір салымшының жинақтаушы зейнетақысын оның зейнетақы жарналары және жинақталған инвестициялық кірісі есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының сомасына тікелей байланысты. Зейнет жасына толғанда немесе Әлеуметтік кодексте көзделген өзге де жағдайлар туынданған кезде салымшы БЖЗҚ-дан тұрақты төлемдер ала бастайды.

Естеріңізге сала кетейік, БЖЗҚ-дан берілетін төлемдер Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы қаулысымен бекітілген Зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады. Әдістемеге сай, зейнетке шығатын азаматтарға ай сайын жасалатын төлем былай есептеледі: төлем ала бастайтын алғашқы жылы зейнетақы жинақтарының сомасы зейнетақы жинақтарының 6,5% төлем мөлшерлемесіне көбейтіліп, 12-ге бөлінеді. Одан кейінгі жылдары ай сайынғы төлем зейнетақы төлемдерін индекстеудің 5% мөлшерлемесіне ұлғайып отырады. Бұл ретте БЖЗҚ-дан берілетін ай сайынғы төлем республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің (бұдан әрі - КД) көмінде 70% мөлшерінде жүзеге асырылады (2025 жылғы ең төменгі күнкөріс деңгейі - 46 228 теңге). Қордан берілетін төлемдерін ең жоғары мөлшері шектелмейді және алушының зейнетақы жинақтарының сомасына байланысты.

Мерзімсіз уақытқа белгіленген 1 немесе 2 топтағы мүгедектігі бар адамдар, сондай-ақ зиянды және қауіпті өндірістерде жұмыс істеп, зейнет жасына толған, олардың пайдасына жиынтығында кем дегенде алпыс ай міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары төленген адамдар сияқты белгілі бір санаттағы алушылар үшін Әдістемедің ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшерін арттыратын түзету коэффициенттері көзделген. Жоғарыда көрсетілген шарттардың біреуінен артығын қанағаттандыратын адамдар үшін ең үлкен мәнге ие түзету коэффициенті қолданылады.

БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдері жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтары таусылғанға дейін жүзеге асырылады. Жеке зейнетақы жинақтары салымшының меншігі болғандықтан, олар азаматтық заңнамада көзделген жалпы тәртіппен мұраға да қалдырылады.



Дүйсенбі, 27 қаңтар	Сейсенбі, 28 қаңтар	Сәрсенбі, 29 қаңтар	Бейсенбі, 30 қаңтар	Жума, 31 қаңтар	Сенбі, 1 ақпан	Жексенбі, 2 ақпан
<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>
06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ЖӨДІГЕР». 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 23.10 «НЖУ-МАРЖАН». 07.00 «ТАՆШОЛПАН». 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ». 12.10 «ТАТУ-ТӨТТІ». 14.10 ҚОС ПАЛАТА. 14.25, 02.40 ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ. 14.45 ДАЛА ДӨМІ. 15.00, 21.25 Т/Х «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 16.00 Т/Х «ҚАРА ШАҢЫРАҚ». 17.10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 20.30, 00.45 АШЫҚ АЛАҢ. 21.25 Т/Х «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.10 1001 ТҮН. 01.35 САНА. 03.05 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӨДІГЕР. 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 07.00 «ТАՆШОЛПАН». 10.10, 18.00 Т/Х «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ». 12.10 «ТАТУ-ТӨТТІ». 14.10 ҚОС ПАЛАТА. 14.30 «МҮЗДАҒЫ ҮНДЕСПІК». 14.50 ДАЛА ДӨМІ. 15.05, 21.25 Т/Х «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 16.00 Т/Х «ҚАРА ШАҢЫРАҚ». 17.10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 20.30, 03.00 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.10 1001 ТҮН. 00.50 ФУТБОЛ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӨДІГЕР. 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 07.00 «ТАՆШОЛПАН». 10.10, 18.00 Т/Х «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ». 12.10 «ТАТУ-ТӨТТІ». 14.10 ҚОС ПАЛАТА. 14.30 «МҮЗДАҒЫ ҮНДЕСПІК». 14.50 ДАЛА ДӨМІ. 15.05, 21.25 Т/Х «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 16.00 Т/Х «ҚАРА ШАҢЫРАҚ». 17.10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 20.30, 03.00 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.10 1001 ТҮН. 00.50 ФУТБОЛ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӨДІГЕР. 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 07.00 «ТАՆШОЛПАН». 10.10, 18.00 Т/Х «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ». 12.10 «ТАТУ-ТӨТТІ». 14.10 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ. 14.40 «ТІС АУЫРСА...». 15.05, 21.25 Т/Х «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 16.00 Т/Х «ҚАРА ШАҢЫРАҚ». 17.10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 20.30, 03.00 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.10 1001 ТҮН. 00.50 ФУТБОЛ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӨДІГЕР. 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 23.10 АҚПАРАТ. 07.00 «ТАՆШОЛПАН». 10.30, 00.15 АШЫҚ АЛАҢ. 12.15 ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСА. 21.25 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.45 ПАРАСАТ МАЙДАНЫ. 01.05 «САНА». 03.00 «АУЫЛДАСТАР».	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 02.55 АУЫЛДАСТАР. 06.30, 17.00, 00.40 АҚПАРАТ. 07.00 КӨНШІ ТОЛҚЫНЫ. 07.15, 01.40 БІРЕГЕЙ. 08.00 «ТАՆШОЛПАН». 10.00, 18.00 Т/Х «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ». 12.00 М/Ф. 13.15 ДАРА БАЛА. 14.30 АТАМЕКЕН. 15.05 Т/Х «ЕРТЕ КӨКТЕМ». 17.20, 01.00 ҚОС ПАЛАТА. 17.40, 01.20 ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ. 20.00 ЗАМАНДАСТАР. 21.15 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 22.30 «АЛАДДИН», Х/Ф. 02.20 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 02.45 АУЫЛДАСТАР. 06.35 АҚПАРАТ. 06.55, 17.40, 21.00 КӨНШІ ТОЛҚЫНЫ. 07.55 М/Ф «КҮЛШЕКБІЗ-2». 09.05 АҚСАУЫТ. 09.25, 01.05 ТЕЛЕДӨРГІГЕР. 10.00, 18.00 Т/Х «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ». 12.00 «ЗАМАНДАСТАР». 13.15 «АЛАДДИН» Х/Ф. 15.45 Т/Х «ЕРТЕ КӨКТЕМ». 20.00, 00.00 АПТА. 20.50, 00.50 АҚОРДА. 22.20 «ДАЛА ДАУЫСЫ», Х/Ф. 01.35 АТАМЕКЕН. 02.00 «КҮМІС КӨМЕЙ».
<b>Дүйсенбі, 27 қаңтар</b>	<b>Сейсенбі, 28 қаңтар</b>	<b>Сәрсенбі, 29 қаңтар</b>	<b>Бейсенбі, 30 қаңтар</b>	<b>Жума, 31 қаңтар</b>	<b>Сенбі, 1 ақпан</b>	<b>Жексенбі, 2 ақпан</b>

ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00 КІМ МЫҚТЫ? 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «МАМА ЛОРА». 11.30 ТАМАША. 12.00 PRESIDENT. 12.30, 22.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-4». 14.00, 20.00 Т/Х «ӨМІР ҒАЖАП». 16.00, 23.15 Т/С «АКУШЕРКА. НОВАЯ ЖИЗНЬ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ӘЛЕУМЕТ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.30 ТАМАША. 21.45 Т/С «ДОС ПЕН ДҮШПАН». 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 КІМ МЫҚТЫ? 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «МАМА ЛОРА». 11.30, 19.30 ТАМАША. 12.00 КӨЗҚАРАС. 12.30, 22.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-4». 14.00, 20.00 Т/Х «ӨМІР ҒАЖАП». 16.00, 23.15 Т/С «АКУШЕРКА. НОВАЯ ЖИЗНЬ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 21.45 Т/С «ДОС ПЕН ДҮШПАН». 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 КІМ МЫҚТЫ? 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «МАМА ЛОРА». 11.30, 19.30 ТАМАША. 12.00 БІЗДІҢ НАЗАРДА. 12.30, 22.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-4». 14.00, 20.00 Т/Х «ӨМІР ҒАЖАП». 16.00, 23.15 Т/С «АКУШЕРКА. НОВАЯ ЖИЗНЬ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ТАЛҚЫ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 21.45 Т/С «ДОС ПЕН ДҮШПАН». 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 КІМ МЫҚТЫ? 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «МАМА ЛОРА». 11.30, 19.30 ТАМАША. 12.00 КӨЗҚАРАС. 12.30, 22.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-4». 14.00, 20.00 Т/Х «ӨМІР ҒАЖАП». 16.00, 23.15 Т/С «ОТПУСК ПО СОБСТВЕННОМУ ЖЕЛАННИЮ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 21.45 Т/С «ДОС ПЕН ДҮШПАН». 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 КІМ МЫҚТЫ? 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «МАМА ЛОРА». 11.30, 19.30 ТАМАША. 12.00 НЕОСЕТЬ. 12.15 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ. 12.30, 22.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-4». 14.00, 20.00 Т/Х «ӨМІР ҒАЖАП». 16.00, 23.15 Т/С «ОТПУСК ПО СОБСТВЕННОМУ ЖЕЛАННИЮ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ТАЛҚЫ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 21.45 Т/С «ДОС ПЕН ДҮШПАН». 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 МАНДАЙ ТЕР. 07.00, 00.00 КОНЦЕРТ. 09.00 ПРЕЗИДЕНТТИК РЕЗЕРВ. 09.30 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ. 10.00 М/Ф. 11.20 М/Ф «КОРГИ ПО ИМЕНИ МОКО. ЗАЩИТНИКИ ПЛАНЕТЫ». 12.00, 22.30 «УЛИЧНЫЙ БОЕВ» Х/Ф. 14.00 ҚЫЗЫҚ ТІMES. 15.30 АСЫЛ ДОМБЫРА. 16.45 ТАМАША. 17.30 «АДАЛ АЛАЯҚТАР» Х/Ф. 19.00 COVER SHOW. 21.00 7 КҮН. 21.45 Д/Ф. 00.30 ОЙНАУ. 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 МАНДАЙ ТЕР. 07.00, 19.30 КОНЦЕРТ. 09.15 ПРЕЗИДЕНТКИЙ РЕЗЕРВ. 09.45 М/Ф. 10.45 М/Ф «КРОЛЕЦЫП И ХОМЯК ТЬМЫ». 12.00, 23.15 «УНИВЕРСАЛЬНЫЙ СОЛДАТ 2: ВОЗВРАЩЕНИЕ» Х/Ф. 14.00 COVER SHOW. 15.30 ОЙНАУ. 16.45 ТАМАША. 18.00 «АЙҚАЙ-ШУ» Х/Ф. 21.00 7 КҮН. 21.45 ҚЫЗЫҚ ТІMES. 01.00 КР ӘНУРАНЫ.
<b>Дүйсенбі, 27 қаңтар</b>	<b>Сейсенбі, 28 қаңтар</b>	<b>Сәрсенбі, 29 қаңтар</b>	<b>Бейсенбі, 30 қаңтар</b>	<b>Жума, 31 қаңтар</b>	<b>Сенбі, 1 ақпан</b>	<b>Жексенбі, 2 ақпан</b>

ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ
06.00 ТАМАША СІТУ. 07.00, 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАХСТАН! 10.10 Т/С «ПОДМЕНА». 14.00, 01.05 НОВОСТИ. 14.15, 01.20 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.20 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «НЕВСКИЙ». 00.10 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 01.35 П@УТИНА. 02.45 ЕҢ АЛҒАШҚЫ.	06.00 ТАМАША СІТУ. 07.00, 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАХСТАН! 10.10 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 Т/С «ШУЛЕР». 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.00, 01.05 НОВОСТИ. 14.15, 01.20 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.20 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «НЕВСКИЙ». 00.10 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 01.35 П@УТИНА. 02.45 ЕҢ АЛҒАШҚЫ.	06.00 ТАМАША СІТУ. 07.00, 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАХСТАН! 10.10 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 Т/С «ШУЛЕР». 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.00, 01.05 НОВОСТИ. 14.15, 01.20 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.20 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «НЕВСКИЙ». 00.10 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 01.35 П@УТИНА. 02.45 ЕҢ АЛҒАШҚЫ.	06.00 ТАМАША СІТУ. 07.00, 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАХСТАН! 10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 «ШУЛЕР», Х/Ф. 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.00, 01.45 НОВОСТИ. 14.15, 02.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.00 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 «ПАРЛАМЕНТ ONLINE». 20.50 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.00 Т/С «РАСПЛАТА ЗА СЧАСТЬЕ». 02.15 «П@УТИНА». 03.25 ЕҢ АЛҒАШҚЫ.	06.00, 03.30 ТАМАША СІТУ. 07.45, 02.00 «П@УТИНА». 09.25 ҚАЙМАҚ. 10.00 «ЛАДОГА», Х/Ф. 14.00 «ВЕТРЕНАЯ ЖЕНЩИНА» Х/Ф. 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 20.00 АСАУ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.30 ЗАҢ МЕН ЕЛ. 20.55 «КУДА УХОДЯТ ДОЖДИ» Х/Ф. 00.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 03.30 ТАМАША СІТУ. 07.40, 02.00 «П@УТИНА». 09.15 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 09.30 «КУДА УХОДЯТ ДОЖДИ» Х/Ф. 13.00 Т/С «ВЕТРЕНАЯ ЖЕНЩИНА». 18.20 «ЗАБИРИ МЕНЯ К СЕБЕ» Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.45 Т/С «ПРОВИНЦИАЛЬНАЯ МАДОЛНА». 00.20 «ФАНТАСТИКА. СЛЕДУЮЩИЙ УРОВЕНЬ».	<b>Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға. Еңбек – қуаныш, жалқаулық айырылмас азап. Абай ҚҰНАНБАЕВ.</b>
<b>Дүйсенбі, 27 қаңтар</b>	<b>Сейсенбі, 28 қаңтар</b>	<b>Сәрсенбі, 29 қаңтар</b>	<b>Бейсенбі, 30 қаңтар</b>	<b>Жума, 31 қаңтар</b>	<b>Сенбі, 1 ақпан</b>	<b>Жексенбі, 2 ақпан</b>



АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР БҰРЫН АЛҒАН КОЛЛЕДЖ ДИПЛОМДАРЫ МЕН МЕКТЕП АТТЕСТАТТАРЫН EGOV.KZ ПОРТАЛЫНДА ЦИФРАНДЫРА АЛАДЫ



мәліметтерді өзектендіру (түзету) қызметін таңдап, «Онлайн сұрау» батырмасын басу керек;

- «Білім туралы құжаттар туралы ақпаратты цифрландыру» қызметін таңдап, білім туралы құжаттың түрін көрсетіп, құжаттың сканерленген көшірмесін тіркеу керек;

- қызметтің нәтижесі пайдаланушының жеке кабинетінде «Қызметтерді алу тарихы» бөлімінде қолжетімді болады.

Құжаттарды цифрландыру кезең-кезеңмен жүзеге асырылады. Қазіргі уақытта 1980 жылдан 2023 жылға дейін берілген орта білім, техникалық және кәсіби білім беру құжаттары цифрландыруға жатады. Қызметті көрсету уақыты – 5 жұмыс күнін құрайды.

Қызмет көрсетуден бас тарту ұсынылған құжаттар немесе деректер қате болған жағдайда мүмкін.

Қызметтің жаңартылған функционалы ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ, ҚР Оқу-ағарту министрлігі және «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» ұлттық зерттеулер және білімді бағалау орталығы» АҚ-ның бірлескен жұмысының нәтижесінде іске қосылды.

eGov.kz порталында білім туралы құжаттарды цифрландыруға арналған қызмет қолжетімді. Енді азаматтар тек қате деректерді түзетін қана қоймай, құжаттың цифрлық нұсқасын жасауға өтініш бере алады. Қызмет тек бұрын алынған дипломның немесе аттестаттың сканерленген көшірмесі болған жағдайда ғана қолжетімді.

Білім туралы құжаттардағы мәліметтерді жаңарту (түзету) мемлекеттік қызметі кеңейтілді. Бұрын бұл қызмет тек қате мәліметтерді түзетуге мүмкіндік берсе, енді білім туралы құжаттарды цифрландыруға өтініш беру мүмкіндігі қосылды.

**Қызметті пайдалану үшін:**

- eGov.kz порталында авторизациядан өтіп, «Азаматтарға» - «Білім» бөлімін таңдау керек;
- «Білім туралы құжаттардағы

## «ҰЛТТЫҚ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР» АҚ ОБЛИГАЦИЯЛАРЫН ШЫҒАРУ АРҚЫЛЫ 3 МИЛЛИАРД ТЕНГЕ КӨЛЕМІНДЕ ҚАРАЖАТ ТАРТТЫ

2024 жылдың 27 желтоқсанында «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ (УАТ) алғашқы облигацияларын Қазақстан қор биржасына (KASE) сәтті орналастырды. Компания жылдық 19% мөлшерлемемен 3 миллиард теңгені тартты.

Облигацияларды орналастыру УАҚ-ға қарыз капиталы нарығына шығуға мүмкіндік берді, бұл компанияның дамуы үшін маңызды қадам болды. Жиналған қаражат Қазақстанның мемлекеттік органдарының жұмысын қамтамасыз ететін ақпараттық-коммуникациялық қызметтердің инфрақұрылымын дамытуға жұмсалады.

Облигация – компанияларға даму үшін қаражат тартуға мүмкіндік беретін

қарыздық құнды қағаз. Облигацияны сатып алған инвестор тұрақты пайыздық кіріс алады. Компанияның облигацияларына NITCSb1 сауда коды берілген. Алғашқы пайыздық төлем 2025 жылдың маусымында күтілуде.

«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ – Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары үшін цифрлық шешімдердің жетекші жеткізушісі. Компания 2000 жылы құрылып, ақпараттық-коммуникациялық қызметтер көрсету саласында маманданады. Компания жүзеге асыратын жобалар қатарында – «электронды үкімет» порталы, e-Лицензиялау, мобильді қосымша «eGov Mobile», Smart Bridge жобасы және басқалары бар.

## ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ЛИЦЕНЗИЯЛАУ E-LICENSE ПОРТАЛЫНДА ҚОЛЖЕТІМДІ

Қазақстанда жеке және заңды тұлғалар фармацевтикалық қызметке лицензияны e-License порталы арқылы ала алады. Өтінішті кез келген уақытта беруге болады, ал лицензияны ресімдеу процесі 15 жұмыс күнінен аспайды.

Фармацевтикалық қызметке лицензия – бұл ұйымға фармацевтика саласында қызмет жүргізуге құқық беретін міндетті құжат. Лицензия түрлі қызмет түрлерін қамтиды, мысалы, дәрілік препараттар мен медициналық бұйымдарды дайындау, дәрілік заттарды көтерме және бөлшек саудада сату, сондай-ақ олардың өндірісі. Өтінім беруші лицензияны алу үшін e-License порталында өтінімді ресімдеп, қажетті нысандарды толтырып және біліктілік талаптарына сай екенін растауы керек.

**Қызметті пайдалану үшін:**

- eLicense.kz порталында авторизациядан өтіп, «Денсаулық сақтау» - «Қызметті лицензиялау» - «Фармацевтикалық қызмет» бөлімін таңдау керек;
- қажетті қызмет түрін таңдап, «Өрі қарай» батырмасын басу керек;
- қызмет паспортында қажетті құжаттар тізімімен танысып, «Қызметке онлайн тапсырыс беру» батырмасын басу керек;

- лицензия берушіні таңдап, қажетті мәліметтерді толтырып, лицензиялық алымды төлеу керек;

- өтінімді ЭЦҚ немесе QR-код арқылы қол қою арқылы жіберу керек.

Лицензияны алу күні 10 айлық есептік көрсеткішті (АЕК) құрайды, ал ресімдеу процесі 15 жұмыс күнін алады. Лицензияны қайта ресімдеу өтінім берушіге бекітілген мөлшерлеменің 10%-ын құрайды және бар болғаны 3 жұмыс күні ішінде аяқталады.

Айта кетейік, 2023 жылы Қазақстанда фармацевтикалық қызметті жүзеге асыруға 906 рұқсат құжаты берілсе, 2024 жылдың басынан бері 691 құжат ресімделді.

Қызмет ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің бірлескен жұмысының нәтижесінде іске қосылды.

Жайнагүл СЕЙДАХМЕТОВА.

## БАЛАЛАРДЫ ТҮЗЕТІН ҚОЛДАУ КӨРСЕТЕДІ



медициналық-педагогикалық консультациялық (одан әрі - ОПМПК) бағыты бойынша ғана қабылданады, ол Петропавл қаласы, Пушкин көшесі, 103 үйде орналасқан Облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация - балаларды зерттеп-қарауды және оларға кеңес беруді, білім алу үшін ерекше білім беру қажеттіліктері мен арнайы жағдайларды бағалауды, білім беру бағдарламаларын айқындауды, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауға жіберуді жүзеге асыратын білім беру ұйымы болып табылады.

Сонғы уақытта дамуында әртүрлі бұзылулары мен дамуының артта қалулары бар балалар санының артуы байқалады. Мұндай балаларға арнайы түзету көмегі қажет. Мұндай көмекті біздің ауданда «Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі» КММ «Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КММ көрсетеді.

Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті (өрі қарай - ППТК) жеке дамыту және түзету-дамыту бағдарламаларын іске асыратын арнайы білім беру ұйымы болып табылады. Түзету кабинеті психикалық дамуы төжелген сөйлеу, есту, көру қабілеті, ой өрісі, мінез-құлқы, әлеуметтік өзара әрекеттесу қиындықтары мен бұзылыстары бар балаларға кешенді психологиялық-педагогикалық көмек көрсетеді.

Түзету сабақтарын келесі мамандар жүргізеді: логопед, дефектолог, әлеуметтік педагог, емдік-дене шынықтыру педагогы. Балалар түзету кабинетіне тек облыстық психологиялық-

Тексеру нәтижелері бойынша ПМПК балаларды бұзылыстарының түріне қарай түзету кабинетіне, «Асыл Мирас» аутизм орталығына немесе оңалту орталықтарына, сондай-ақ әлеуметтік қызметтер көрсету және әлеуметтік көмек (Әлеуметтік қамсыздандыру) көрсету бойынша мәселені шешу үшін әлеуметтік қорғау мекемелеріне жібереді.

Құрметті ата-аналар, Сіздерді қызғыратын ақпаратты және қолдап түзету мәселелері бойынша кенесті Булаев қаласы, Целинная көшесі, 31 үй, 2 пәтер мекен жайы бойынша орналасқан «Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі» КММ Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КММ-ден ала аласыздар.

Динара СӘДУАҚАСОВА,  
психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің меңгерушісі.

## ДӘРІГЕРГЕ МЫН АЛҒЫС

Білікті көмек көрсеткені үшін аудандық аурухананың анестезиолог-реаниматолог дәрігері Игорь Валерьевич Илькевичке шынайы алғысымызды білдіргіміз келеді. Бұл дәрігер - өзі ісінің шебері, білімді және нағыз жанашыр адам. Сондай-ақ, жансақтау бөлімшесінің ұжымына да айтар алғысымыз шексіз. Сіз адамдарды емдеп қана қоймай, олардың өмірін сақтауға атсалысасыздар. Сіздерге

адальдытарыңыз, кәсібиліктеріңіз және адамгершіліктеріңіз үшін мың алғыс. Сіздерге және Сіздердің жақындарыңызға барлық жақсылық пен мықты денсаулық тілгеміз, Сіздердің еңбектеріңіз өркінің жарығы бағаланып және тек ризашылық білдіретін пациенттер көп болсын!

Ыбырайыттар, Мырзахалыптар,  
Немағұлостар және Қайрат жанұялары.

## 2025 ЖЫЛДЫҢ 1-ШІ ТОҚСАНЫНДА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мағжан Жұмабаев ауданы Авангард ауылдық округінің әкімі - Коношевский Александр Андреевич өр аптаның сәрсенбі, бейсенбі күндері сағат 09.00-ден 13.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Полтавка ауылы, тел 2-71-33.

Мағжан Жұмабаев ауданы Возвышен ауылдық округінің әкімі - Соколов Виктор Васильевич апта сайын бейсенбі күні сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін қабылдайды. Мекен жайы: Возвышенка ауылы, тел 3-12-62.

Мағжан Жұмабаев ауданы Қарақоға ауылдық округінің әкімі - Мұқашев Жанболат Хазезұлы апта сайын сәрсенбі, бейсенбі күндері сағат 09.00-ден 12.00-

ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Қарақоға ауылы, тел 2-44-49.

Мағжан Жұмабаев ауданы Молодогвардейское ауылдық округінің әкімі - Жағыпаров Жаслан Қайроллаұлы апта сайын сәрсенбі, бейсенбі күндері сағат 09.00-ден 17.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Молодогвардейское ауылы, тел 3-36-31.

Мағжан Жұмабаев ауданы Бастомар ауылдық округінің әкімі - Қайыржанов Марат Қанатұлы бейсенбі күні сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Бастомар ауылы, тел 3-57-33.

## СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ

Жеке және заңды тұлғалардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау, сонымен қатар аудандық атқарушы органдарының атқарушы тарапынан Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінен сақтамау жағдайлары мен лауазымдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылығын анықтау мақсатында мына сенім телефондары бойынша ақпараттандыру қажет:

- «Мағжан Жұмабаев ауданы Авангард ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - 8(71531) 2-71-33.
- «Мағжан Жұмабаев ауданы Возвышен ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - 8(71531) 3-12-62.
- «Мағжан Жұмабаев ауданы Қарақоға ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ

- 8(71531) 2-44-49.
- «Мағжан Жұмабаев ауданы Молодогвардейское ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - 8(71531) 3-36-31.
- «Мағжан Жұмабаев ауданы Бастомар ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - 8(71531) 3-57-33.

<p>Директор - бас редактор Неля ГОЙЧАР</p> <p>Газеттің мінсіз нөсі: «Азата» «Весты» ЖНС</p>	<p>Редакцияның мекен жайы: 150880 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баян көшесі, 13 үй. Тел: 2-17-49. Басылым нөмірі 65360 e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz</p>	<p>Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады</p>	<p>«Біздің ұшпауы» газеті редакцияға терісін беттеді. «Северный Казахстан» баспаханасында басылды. (Петропавл к., Кошукон к-сі, 5 үй). Таралымы - 780</p>	<p>Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың тапсырысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясаты жүргізуді ресми басшылық болып табылады</p>
<p>Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынған, №17395-Г күшінен алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қоғалжабалар, хаттар «Мағжан Жұлдызы» газетінің мінсізінге айналды, ресми жауап берілмейді. Газетті жеткізін беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады</p>				